e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 20.02.2018
Сақтау күні 08.04.2020
Дата редакции 20.02.2018
Дата скачивания 08.04.2020

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі | Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 2 нормативтік қаулысы | Конституционный Совет Республики Казахстан |

# Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Регламентіне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 9-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 19 сәуірдегі № 1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Регламентінің 34-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 19 сәуірдегі № 1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Регламентіне (Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Жаршысы, 2002 жыл, № 5-басылым; Юридическая газета, 2002 жылғы 15 мамырдағы № 19; Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Жаршысы, 2006 жыл, № 9-басылым; Юридическая газета, 2009 жылғы 18 ақпандағы № 25) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) 4-тармақтың сегізінші абзацы мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Бұл ереже осы Регламенттің 27 және 28 – тармақтарында қарастырылған жағдайларда да қолданылады.»;

2) 25 – тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Басқа шешімдердің күшіне ену тәртібін Конституциялық Кеңес заңнамаға сәйкес белгілейді.».

2. Нормативтік қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

«РКАО» РМК лауазымды тұлғанын ЭЦК мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

**Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы** **Қ.Ә. Мәми**